

Түркістан облысы

Келес ауданы

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мектеп директоры:

Қ.Турсынбекова



МДТДЖО

Қ.Джорабеков

«Сәт сапар саған жас түлек»

Соңғы қоңырау кеші

Ұйымдастырушы: Хален М



2023/2024 оқу жылы

«Сәт сапар саған, Жастүлек!» атты соңғы қоңырау салтанатты жиынының сценарийі

Өтетін күні: 25 мамыр 2024жыл

Өтетін уақыты: сағат 9:00

Өтетін орны: Мектеп алаңы

Музыка орындалады

Жүргізушілер шығады:

I - жүргізуші: Ишалиев Қуатбек

II - жүргізуші: Батырова Әйгерім

I - жүргізуші: Келестей кең жазық даласында,

Берекелі Амангелді елді мекенінде.

Мектеп бар №9 «Көлтоған» дейтін өлкемізде

Арналған алғыр, зерек баласына

Армысыздар ардақты ата - аналар, аяулы ұстаздар, қымбатты оқушылар,
қадірлі жас түлектер!

I I жыл бойы тәрбие мен білім нәрін бойына құйып, ұстаздарына анасындай еркелеп, балалық шағын алаңсыз өткізген жас түлектердің мектебімен, әліппеден бастап өмір заңдарына дейін үйреткен ұстаздардың шәкірттермен қоштасу мерекесі – соңғы қоңырау мерекесіне қош келдіңіздер!

II - жүргізуші: Міне, бүгін қызығы мен қиыншылығы мол, әр оқу жылы қайталанбас тарихқа толы мектептің мерекесі, оқушылардың сыныптан - сыныпқа көшіп, асыға күткен жазғы демалысқа шығарып, салатын – соңғы қоңырау салтанаты!

Кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, мектеп қабырғасын имене аттаған ұл - қыздарымыз ойы толып, бойы өсіп, алтын ұя мектебімен қоштасқалы отыр. Бұл күн – мектеп тарихында, мектеп бітіруші түлектер есінде мәңгі өшпесі анық.

I - жүргізуші:

Жас жүректің өмірлік құштары – гүл,

Бағбан - ұстаз баулыған құстары бұл.

Қоштасып бүгінгі күн ұясынан

Сол кұстардың бір тобы ұшқалы тұр, - деп алтын ұя мектебінің
табалдырығынан үлкен өмірге ұшқалы отырған мектеп бітіруші түлектерді
құрметпен ортаға шақырамыз. (музыка)

II - жүргізуші: Бәрі де баласындай бір ананың,
Өз елі қазағының ұтады әнін.
Қызы ибалы, ұлы ер, шықсын кәне,
Он бірінші «А» сыныбы Шынар апайдың.

I – жүргізуші: Даламдай кең түсінігі, ұғымы,
Қазаққа тән мінезі мен қылығы.
Ғалияның алтындай ұл - қызы,
Алдарыңызда он бірінші «Ә» сыныбы.

II - жүргізуші Нұрлы үмітін арқалаған арқаға,
Жан сәулесін тарататын баршаға.
Шын пейілмен құрметімізді көрсетіп,
Гүлжан апайдың сыныбын шақырайық ортаға.

(Музыка әуенімен бітіруші түлектер шығып орындарына тұрады)

I – жүргізуші: Тарихы терең қазақ деген көне елде
Ел белгі де ерлік, өрлік, өнерде,
Жаһандағы ең жауынгер халықта
Кім сенеді ту болмады дегенге?!

II - жүргізуші: Мазмұнына өрнегі жарасқан, тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі
желбіресін, - дей отырып ҚР мемлекеттік туын көтеру құрметін мектеп
бітіруші түлектер, үлгілі оқушыларға тапсырылады.

I - жүргізуші:
Мектеп қой Еліміздің қаны, жаны,
Мектептен басталады бәрі - бәрі.
Бүгінгі мектеппен қоштасу салтанатында,
Шырқалсын Қазақстан әнұраны!

II - жүргізуші: «Сәт сапар, саған, Жас түлек!» атты соңғы қоңырау
салтанатты жиыны ашық деп жариялансын!. ҚР мемлекеттік туы көтерілсін.
(ҚР туы көтеріліп, әнұраны айтылады)

II - жүргізуші: Бүгін - алғашқы қоңырау мен соңғы қоңыраудың арасын
жалғаған II жылдың мәреге жеткен күн.

I - жүргізуші: Бүгін - «мектебім, ұстазым» деп көңілің кимастық кешкен күн.

II - жүргізуші: Бүгін - атаң ақ жол тілеп, ақ бата берсем деген күн.

I - жүргізуші: Бүгін - әжең ерке ұланының ержеткенін көрсем деген күн.

II - жүргізуші: Бүгін - әкең қызым бой жетті деп мақтанған күн

I - жүргізуші: Бүгін - анаң ұлым ер жетті деп шаттанған күн.

II - жүргізуші: Бүгін - ұстазыңның жанында шәкірт болып соңғы рет топталған күн.

I - жүргізуші: Бүгін - арман қуып алысқа аттанған күн.

II - жүргізуші: Бұл күн – мектеп тарихында, мектеп бітіруші түлектер есінде мәңгі өшпейтін күн.

I – жүргізуші: Ендеше, сәт сапар, жас түлектер!

Қош айтысып балалық шақ өткеніне,

Қош айтысып сүйікті мектебіне

Тұғырдан түлеп ұшқан жас қырандар

Аттанып барады өмір көктеміне

II – жүргізуші: Білімді шәкірттерін аялаған

Жақсылығын ешкімнен аямаған,

Саялы бақ, жанашыры жас ұрпақтың

«Ұстаз» деген аяулы, ардақты адам.

Өмірде өлшенбейтін іс – балаға берген білімің, мейірімің, камқор пейілің.

Ол – болашақ. Болашақтың бүр жарған сабағына құйған білім нәрің мәңгілік.

Осынау мәңгілік борышты ауырсынбай, аянбай, өзімнің адамгершілік

парызым, қала берді ағалық камқорлығым деп түсінген. кимас сәтте өздеріңе

арналған алғашқы құттықтау сөзді мектеп директоры Турсынбекова

Қалдыгүл Анаркүлқызына беріледі.

(Мектеп директоры сөз сөйлейді)

Ән: 4 б сынып оқушысы Нұржан Аянаның орындауында «Ұстаз ана» әнін қарсы алайық!

I - жүргізуші: Арнап келер мерейтой, мейрамдарда,

Мәртебең де биік қой мейрам барда.

Бүгінгі мектеп кешіне тілек айтсын,- дей отырып, сөз кезегі қонақтарда.

Бүгінгі салтанатты жиынға қатысып отырған қонақтарды құрметпен атай

келе құттықтау сөз кезегі. Ауыл билері Бейсенов Артық ағамызбен Аханов

Азамат ағамызға беріледі. Ата аналар комитетінің төрағасы Медетбаев Бакыт

ағамыз бен Біртілек а/о депутаты Мұратов Нұржан Сабыржанұлына сөз

кезегі беріледі.

беріледі.

I – жүргізуші: Үстаз! Осы сөзде каншама ұлылық жатыр десенізші! Сөз маржанын терген акын – жазушыда, көк күмбетіне самғаған ғарышкер де, тіпті Елбасының өзі де ұстаз алдында иіліп тағнам ететіні рас. Өз уақытын аямаған, шәкіртінің уақытын аялаған, ұстаздарға сазды сәлем жолданады.

4а-сынып оқушыларының орындауында Ромашка биі

II - жүргізуші: Жаны асыл ұстаздарды еске алыңдар,

Жаңа сыр ашатұғын жас дарындар,

Шәкірті жаман екен дегізбеңдер,

Санасы биік адал дос табыңдар!

Иә, сендер әрқашан еске алып жүретін жаны асыл ұстаздарың да бүгінгі соңғы Қоңырау үнімен өздеріңмен қоштаспақ. Енді солардың шәкірттеріне деген соңғы ақыл - кеңесін, сәт сапарын тыңдайық. Сынып жетекшілер атынан құттықтау сөз: Бакирова Шынар апаймен Жолдасова Ғалия апайға және Жолдасова Гүлжан апайға беріледі. Және де түлектердің алғысын тыңдайық.

Түлектер

I - жүргізуші: Қоңырау мектеп өміріндегі құлаққа жағымды шәкірт жүрегінде сақталатын ұмытылмас үн. Жүректері лүпіл қағып қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан осынау сәтте мектебімен қоштасып өмірдің екінші белесіне қадам басқалы тұрған сіздер, осыдан 11 жыл бұрын қоңырау үнімен мектеп табалдырығын аттаған болсаңдар сол сынғырлаған қоңырау үнімен болашаққа аттанбақшысыңдар. Қымбатты мектеп бітіруші жас түлектер! Мектепте 11 жыл ішінде 20 мыңнан аса қоңырау үнін естідіңдер. Оны алғаш қолыңа гүл алып, мектеп табалдырығын аттағанда естідің, 45 минут бойы өзің сүйіп оқытын сабағың аяқталғанда. Ал, бүгінгі қоңырау үні ерекше. Ол мектеппен қоштасар соңғы қоңырау. Ол балалық шақтан мектеп белесіне асыратын қоңырау. Сәт сапар, саған жас түлек!







